

**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық
жүргізу құқығындағы «№7 қалалық емхана»
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

Шымкент қаласы

«15» ақпан 2023 жыл

ХАТТАМА №1/23

Тақырыбы: «сыбайлас жемқорлық көріністерінің профилактикасына және мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу бойынша» Семинарлық сабақ.

Қатысқандар: «Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№7 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының (ары карай- Кәсіпорын) қызметкерлері: бас дәрігердің орынбасары М.К.Кошимбетова, бас дәрігердің орынбасары Д. Оразгелдиевна, бас есепші А.К Абдукулова, кадр бөлімінің инспектор Р. Жаманкулова және дәрігерлер, әкімшілік-шаруашылық бөлімінің қызметкерлері және барлық бөлімшелерінің менгерушілерімен мейірбикелері.

Күн тәртібінде: Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№7 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны емхана жұмыскерлерінің қатысуымен 2023 жыл 15 ақпан емхана заңгері А. Беркінбай «Сыбайлас жемқорлық - қоғам дерті» тақырыбында семинар кеңес өткізді.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Бұл дерт еліміздің дамуына, эканомиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіндігінің даусыз екендігіне заңгер егжей –тегжейлі мәселесіне тоқталды.

Бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық эканомиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер


ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Елбасы биылда «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсетті. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сондай-ақ, жемқорлықпен қарсы күресте барлық адамдар – заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз күзиреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу - жалпыға ортақ міндет деп сөз соңын баяндамашы қортындылады.

Іс-шараға қатысушылар бейне баянды көріп шығып және жемқорлыққа қатысты сұреттерді қарап көріп, жемқорлықты тек ұжыммен бірлесіп күресу қажеттілігін айытты, сонда жемқорлықты жеңетінін көпшілік мақұлдады.

Заңгер



А. Беркінбай